



## ПЕДАГОГИКА

**Есіркепов Ж.М.**

### **АУЫЛ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫН ЗЕРТТЕУ**

*В этой статье рассматриваются вопросы исследования соотношения между педагогическими и социально-экономическими условиями формирования социально-ценностных потребностей у сельских школьников.*

*This article considers the question of research of correlations between the pedagogical and socio-economic conditions of forming socio-valuable needs from country schoolboys.*

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық үрдістер жаңа тәрбиелік міндеттер мен оларды жүзеге асыру жағдайларын туындатып отыр. Жаңа әлеуметтік құбылыстар оқушылардың өмір туралы қалыптасқан ұғымдарының мазмұнын, құрылымын өзгертеді. Жеке тұлғаның қалыптасуында әлеуметтік-экономикалық факторлардың маңызы мен рөлі өте зор екендігі күмән тудырмайды. А.В.Мудрик айтқандай, «...оқушының жеке тұлғасының дамуына, оның маңыздылығына, қандай әлеуметтік жағдайлар мен құнды бағыттар туындайтындығы ықпал етеді, солар ғана оның жеке тұлғасын анықтайды. Сол бағыт пен бағдарлар оның әлемге, ол кіретін ұғымға, өз-өзіне деген қарым-қатынасын анықтайды» [1.94].

Ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастыру педагогикалық үрдістің ерекше түрі ретінде белгілі бір объективті және субъективті жағдайларда жүреді және әртүрлі факторлардың әсерімен жүзеге асады. Ауыл мектебі оқушыларының өмір сүру кеңістігінің тәрбие сипатын анықтайтын өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшеліктер ауыл өмірінің ағымымен, еңбек және қоғамдық қызметтер ерекшелігімен, қарым-қатынас, байланыс, ауыл тұрғындарымен тығыз байланысты.

Ауыл оқушылары үнемі әлеуметтік бақылауда, халықтық және еңбек дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, тәртіптері мен нормаларының әсер ету жағдайында жүреді. Олар тұрған жерлерін тез ауыстыра алмайды. Ауыл ортасы тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, тұрақты және берік қарым-қатынастар, тиянақты ұлттық құрамымен ерекшеленеді.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына табиғи қоршаған орта, оның байлығы, қорлары, өзен-көлдері, су қоймалары, ормандары, бау-бақшалары, т.б. елеулі әсер етеді.

Ауыл балаларын қоршап тұрған әлеуметтік әлем әртүрлі және қарама-қайшылыққа толы. Объективті әлеуметтік-экономикалық, рухани-өнегелі қарым-қатынастар, ауыл ортасындағы әртүрлі объективтер және субъективтер арасындағы байланыстар ауыл оқушыларында ғылыми және әлеуметтік көзқарас, материалдық қажеттіліктер, құндылықтар, өмірлік жоспарлар, т.б. қалыптастыруда елеулі ықпал жасайды.

Тәрбие мен өмір байланысының рөлі туралы біз көптеген зерттеулерден көріп жүрміз.



Д.В.Колесов пен В.А.Понамаренко «мектеп қоршаған әлеуметтік орта әсері мен ықпалының әртүрін сініріп бастан кешіреді, өз кезегінде оған ықпал жасап отырады» - деген пікір білдіреді [2.25].

Осындай бағыт ұстанғандар қатарына А.В.Зосимовский, А.Е.Кондратенков, Н.Е.Мойсеюк, Л.Ю.Сироткин, П.Н.Осипов, В.И.Толстых және басқаларды жатқызуға болады. В.И.Толстых «...қазір теориялық немесе үйреншікті күнделікті кез-келген ойлау деңгейінде экономика мен тәрбие арасында, өндіріс тиімділігімен, адам дамуы мен еңбекке деген қатынасы, оның санасы мен қажеттілік құрылымы арасында тығыз, тікелей байланыс бар екенін аңғармайтын адам аз шығар», - деп ойлайды [3.6].

Бүгінде Н.Е.Мойсеюктің «қоршаған ортаның барлық жағдайы белгілі бір деңгейде жоғары сынып оқушыларының ауылшаруашылығындағы еңбекке, ауыл өмірі мен қызметіне, іс-әрекетіне деген субъективті қарым-қатынасын қалыптастыруда ықпалын тигізіп отырады» - деген ғылыми тұжырымдамасымен келіспеуге болмайды [4.49].

В.Я.Филиповскийдің оқушылардың әлеуметтік тәрбиесі туралы концепциясы өте өзекті, ол «жеке-табиғи ерекшелігі қандай болғанмен адам тұлғасын әлеуметтік-мәдени факторларынсыз түсіну мүмкін емес. Жеке тұлғаны қалыптастыруда дәл осы әлеуметтік-мәдени фактор әлеуметтік бір тұтастың, яғни, жеке тұлғаның бір бөлшегі ретінде анықтаушы болып шығады» [5.21]. Ал психолог А.Г.Асмоловтың пікірінше «...адам – оған әсер ететін барлық жағдайлардың өнімі, сол өнімді талдай отырып жеке тұлға өмірінің жалпы заңдылығын шығаруға болады», - деп есептейді [6.133]. И.Ф.Харламовта дәл осындай пікір білдіреді: «тәрбие де мектеп те қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси-танымдық дамуын анықтай алмайды. Олардың өзі де қоғамнан шығып, қалай болғанда да соларға бағыттталып, артықшылығы мен кемшілігін жеткізеді. Міне, сондықтан да тәрбиенің әдістемелік негізі мен сипаты ғана емес, оның қорытындылары көбіне қоғамдық жағдайлар мен талаптар арқылы анықталады», - деген пікір білдіреді [7.25].

Ауыл мектебі мен қоғам арасындағы байланыс әртүрлі бағыттар мен формаларда жүзеге асады. Ол көптеген факторларға байланысты, солардың кейбірі мынадай:

- шынайы өмір мен қоғам талабы анықтайтын оқу-тәрбие мекемелерінің нақты тәрбие міндеттері;

- қоғамның, нарықтық экономиканың, агроөнеркәсіп кешенінің, оның құрылымдық бірлігінің даму көрсеткіші;

- жалпы білім беретін мектептер мен басқа мектептен тыс мекемелерге қоятын қоғамның әлеуметтік талабының мазмұны мен сипаты;

- ауыл өмірінің, ауыл тұрғындары, отбасы-тұрмыстық аясы, жергілікті дәстүрлер дамуының сипаты мен бағыттталуы;

- жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінің даму жоспары мен аумақтық бағдарлары.

Белсенді өмір сүру ортасына енетін өскелен адамға жаңа өмір әртүрлі, стандартқа сай емес, өзгеше, тез өзгеріп отыратын талаптар қояды. Сондықтан ауыл мектебі мен қоғам арасындағы, тәрбие мен орта арасындағы өзара байланыс олар өмір сүріп, жұмыс істейтін білім беру, тәрбиелеу мекемелері сол әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық жағдайларды ескере отырып жас ұрпақты өсіруге, оқытуға және тәрбиелеуге міндетті, және соған негізделуі тиіс.

Қазіргі жағдайда агроөнеркәсіп кешеніндегі нарықтық қатынастардың тереңдеуі, ауылшаруашылық өмірдің барлық құрылымын жасартып, адамдардың өмір сүру деңгейін жақсарту жағынан алғанда дұрыс деп есептеуге болады. Алайда, И.Ф.Харламовтың, Л.М.Фридманның, Г.Н.Филоновтың, А.В.Мудриктің зерттеулерінде, көптеген позитивті (оң) тәрбиелеу сәттерімен бірге жаңа әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың аздаған негативті әлеуеттері де болып қалады. Соңғы жылдары ауыл өмірінде болып жатқан объективті өзгерістер оқушылардың өмірінде жаңа жағдайлар туындата отырып, олардың санасында, әлеуметтік ойлауында, әлеуметтік құндылықтарында, бағыттары мен қажеттіліктерінде біркелкі емес, қарама-қайшы бейнелер туындатқан. Ауыл оқушысына күтпеген, ойламаған жағдайлар ұсына отырып, өмір шашыраңқылық, сенімсіздік сезімдерін тудырып, мінез-құлықтарында, іс-әрекеттерінде, сұраныстарында күтпеген кездейсоқтық, басқара алмаушылық, өзін тәртіпке сала алмаушылыққа әкеліп соқтырады.

«...Адамның мінез-құлығы, оның ілімге деген көзқарасы, қарапайым бағалауы қоғамға, адамдар ұжымына байланысты болады, оның әртүрлі әлеуметтік топтарға енгендігі анықталады (сынып, оқу және еңбек ұжымдары, т.б.), - деп атап көрсетті В.Н.Иванников [8.47].



Тәрбие мен жаңа әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайларының өзара байланысы оқушылардың нарықтық экономика туралы білімі мен түсініктерінен байқалады.

Ауыл оқушыларының нарықтық экономика негіздері туралы білімін анықтау мақсатында біз экспериментті-тәжірибелік мектепті бітіруші сынып оқушыларына (IX-XI сынып) «Кәсіпкерлік, ауыл кәсіпкері деген кім», - деген тақырыпта шығарма жазуды тапсырдық. Зерттеу қорытындысында, 110 жұмысқа талдау жасадық. Сонда бітірушілердің 85 пайызы кәсіпкерлер мен кәсіпкерлік туралы ештеңе білмейтіндігі анықталды. Шығарма жазғандардың көбісі шамамен былай деп жазған: кәсіпкерлік – бұл кәсіпкерлердің қандайда бір жолмен заттар, тауарлар алып, оны одан да қымбат бағаға жергілікті базарларда, киоскілерде сатуы. Біз бұл шығармалардан кәсіпкерлер халық тұтынатын тауарларды өндіруге қатысады, қызмет көрсету аясын, өнерді, мәдениетті, спортты, т.б. дамытуға ат салысады деген сөздерді таба алмадық. Мектеп бітірушілердің кәсіпкерлікке деген мұндай көзқарасын ауыл мектептерінде негізгі нарықтық қатынастарды оқыту мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмейтіндігінен туындап отыр деп түсіндік. Бұл құбылыс нарықтық экономика элементтерінің ауыл өміріне енуі өте әлсіз, баяу жүретіндігінен деп есептейміз. Сонымен бірге шағын кәсіпкерлік, бизнес ұғымдарының да түсінікті еместігі жаңа өмір талаптарына тәрбиелік үрдісті жүзеге асыратын педагогикалық кадрлардың жеткілікті білімі жоқтығынан болады деп тұжырымдадық.

Педагогикалық талдау мен ойлай білу үшін мағыналы материалдарды біз шығарманың екінші бөлімінен таптық. Онда ер балалардың 80%-ы, қыз балалардың 65%-ына жуығы өз шығармаларында «қазіргі кәсіпкер» - деген нарыққа сай мамандығы бар адам. Ол жаңа әлеуметтік-экономикалық, қаржылық тұрғыда ойлайды, ол үшін бірінші орында ақша және оны табу мәселесі тұрады. Кәсіпкерлер еңбек өнімділігін арттыруды ойламайды, яғни, аз ойлайды, технологиялық және өндірістік мәдениетті, бәсекеге қабілетті тауар өндіруді де аз ойлайды. Олардың көбісі қу, икемді, алғыр, өз істерінде және әрекеттерінде істі оңай шеше алады, олар экономика мен қаржы жағдайына тез бейімделе алады. Кәсіпкер ең алдымен өз пайдасын ойлайды. Міне, қазіргі ауыл мектебін бітірушілер кәсіпкер бейнесін осылай елестетеді. Ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастыруда әлеуметтік-экономикалық және психологиялық-педагогикалық факторлардың тұтастығы мен өзара байланысын қарастыра отырып, әлеуметтік құндылықтардың ең маңыздысы жеке меншіктік мәселесін зерттеуден тыс қалдыруға болмайды. Жеке меншік категориясы әр адамның шынайы өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан жеке меншіктік жалпыға маңызды және жалпы адами сипат алатын мәселе. Экономикадағы нарықтық қатынастар мемлекеттік-қоғамдық және жеке меншік арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеді. Мұндай құбылыс адамдарды, олардың меншік туралы ойын өзгертіп, оны жаңа маңызбен жеке меншіктік бағытқа мән бере отырып толықтырады. Меншік туралы ауыл оқушыларының әлеуметтік жаңаша ойлауын қалыптастыру қазір күрделі, қарама-қайшылықтарға толы өмір кеңістігінде жүріп жатыр. Ол кеңістікте әзірге экономикалық терминдер мен ұғымдарды қоғам толығымен мойындай қойған жоқ.

Ауыл оқушыларының бойында әлеуметтік құнды қажеттіліктерді қалыптастыруда меншік деген жағымды және жағымсыз, оң және теріс жағдайлар таратушы, қолдаушы болып табылады. Жеке меншікке деген қандайда бір оқушылардың қарым-қатынасын әртүрлі жағдайда көрсету арқылы педагогтар мен ата-аналар олардың ішкі әлеміне кіре алады, олардың бағытталуы мен қажеттілігін анықтайтын мотив, себеп, күштерін, мінез-құлық манері, іс-әрекеті мен қылықтарын анықтайды. Әртүрлі меншік формасымен байланысты оқушылар элементтер мен факторлармен қалай да жанаса жүріп белгілі бір белсенділік, беріктік, қызығушылық танытады.

Меншік туралы айтқанда соңғы жылдары біз негізінен жеке меншікті айтамыз. Жеке меншіктің қарама-қайшылығы мен күрделілігінің интерпретациясы көп жағдайда тұрғындардың негізгі бөлігі – ауыл тауар өндірушілерінің тілегі, пікірі, қызығушылығы есепке алынбай жүреді. Ауыл тұрғындарының жеке меншікке деген өзіндік көзқарасы қоғамдық және мемлекеттік меншік туралы, тегін ақысыз оқыту, мәдени қызмет көрсету, дәрігерлік көмек, т.б. көрсету ұғымы адамдар санасында берік қалыптастырған факторларға негізделген. Бұл өз уақытында өмірге сенімділік берген.

Бұл ерекшеліктер бүгіндері оң да теріс те тәрбиелік ықпал береді. Теріс жағына жататыны – жеке меншік мәселесі, қоғам мен әлеуметтік топтар арасындағы, ауыл тұрғындарының жекелеген топтарының қарым-қатынасының асқынуына, ал содан кейін қоғам мен тәрбие арасындағы қарым-қатынастың қиындауына әкелуі мүмкін екендігі жатады. Қоғамдық жағдайдың мұндай болуы жеке тұлғааралық қарым-қатынасының, байланысының, тіпті құқық бұзушылығы мен қылмыс жасау, және



т.б. жағдайлардың мәдениеті мен этикасының бұзылуына әкеледі. Дәл осы жағдайда ауыл оқушыларында әлеуметтік зиянды әдеттер қалыптасуы мүмкін.

Сондықтан, ауыл оқушыларына жемісті тәрбие беру үшін белгілі деңгейде он арақатынас болуын, қоғам мен меншіктің жеке формалары арасында үйлесімділік қалыптасуын қамтамасыз ету керек. Көбіне осы жағдайда материалдық жайлылық, адамдардың рухани, физикалық және психологиялық көңіл күйіне байланысты болып келеді.

Қоғамдық, ұжымдық-жекелік меншікке бағытталған психологияның бас рөлі ауыл мектебіне көшкенде, жеке тұлға мен қоғамдық көзқарастардың үйлесімділігін қалыптастыруға арналған көптеген жұмыстар істеуге тура келеді.

Жеке тұлғаның қызығушылығын қанағаттандыру және арттыру арқылы – жеке тұлға мен қоғам арасындағы үйлесімділікке қол жеткізетін ең оптималды жол болып есептеледі.

Біз әртүрлі категориялардағы адамдардың тіршілік әрекетін бақылағанымызда байқағанымыз, қазір жеке көзқарастың, қызығушылықтың рөлі қоғамдық қызығушылық көзқарасқа қарағанда едәуір алда екендігі анық көрініп тұр. Сонда ауыл жастарының кейбір бөлігі өзінің материалдық және қаржылық мақсаттарын қызметтің нарықтық түріне бейімделе отырып шешу үшін тарихи құндылықтар мен жәдігерлерге, мәдени ескерткіштерге, тіпті қоршаған табиғат байлықтарына да ваналды (қирату, жою, талқандау) пиғылмен қарайды.

Ал бұл кезде табиғи, энергетикалық, шикізат ресурстарын ұқыпты да үнемді пайдалану сияқты жалпы халықтық іске, қоғамдық көзқарасты ескере отырып өз ісіне шығармашылық, белсенділік танытпайынша ойланып, саналы қарым-қатынас жасау мүмкін емес.

Біз жеке тұлғаның нарықтық типінің негізгі белгілеріне әлеуметтік-өнегелік жағынан қарағанда мынадай қасиеттері жатады деп есептейміз: өз көзқарасы мен қоғамдық көзқарас арасында кез-келген тұрмыстық жағдайда үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып ішкі сенімділігімен әрекет етуге қабілеттелігі, жауапкершілікті өзінен өзгеге аудара салмай, айналасында болған жағдайға көзсіз икемделе салмай, кейбір қажетті жағдайларда кей күдікті құбылыстар мен фактілермен санасып қана қоймай, сол оқиға желісіне белсенді араласып қарсы тұра білуде өзінің ерік-жігерін, күш-қуатын, қарым-қабілетін, ақыл-парасаты мен мінезін көрсете белетіндігі.

Нарықтық экономикаға негізделген мемлекеттің идеологиялық саясаты адамдарды өмірдің материалдық-техникалық жағдайларына, өндіріс, еңбек, меншік, мәдениет, білім беру, т.б. мәселелерде бір бағытқа бейімдеу үшін шынайы жағдайлар жасап жатыр. Өз бақылауымызға сүйене отырып айтатынымыз, әлеуметтік құндылықтар жайлы ауыл оқушыларының пікірін бір бағытқа бейімдеу үрдісі әлі масштабты сипат алған жоқ, бірақ онда осы құбылыстың белгілері мен тенденциялары айқындалады.

Ауыл оқушыларын жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттей отырып, өмірдің негізгі аумағындағы реформалар, демократиялық үрдістер тәрбиелеу мәселесін жақсарту мен жетілдіруде белгілі бір деңгейде жетістіктер әкеледі. Сонымен, соңғы жылдары ауылдық елді мекендерде мектептің жаңа типтері (мектеп-гимназия, лицей-мектептер, авторлық мектептер, т.б.) пайда бола бастады. Оқу-тәрбие үрдісіне ғаламтор желісі, альтернативті оқу жоспарлары, интерактивті тақталар мен оқу құралдары енгізілуде, оқушылардың еңбек пен әлеуметтік қызмет аумағы кеңейді. Қазір жергілікті ауылдарда бұрын тыйым салынған өмір ағымдары, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, ұлттық, халықтық, діни дәстүрлер, мәдени жәдігерлер жанарып, үдемелі түрде қайта жаңғырып жатыр.

Ауылшаруашылығының әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан түрленуі себебінен ауыл оқушыларының құнды бағыттарын қалыптастыруға теріс әсерін тигізетін қиындықтар мен мәселелер туғызуда. Мемлекет пен оның түрлі ұйымдарының жалпы білім беретін мектептерге (әсіресе, ауыл мектебіне) жеткілікті түрде көңіл бөлмеуі, тәрбие мен оқыту мәселесінің әсіресе ақшалай- қаражатты жоспарлауда, материалдық-техникалық базаны толықтыру, күшейту жағынан алғанда қоғам мен мектеп арасындағы шекара едәуір алшақтады.

Мәдени және өзге де объектілерді жекешелендіру үрдісінің арқасында осы салалардағы жетекші мамандар қысқарылды, сондықтан ауыл оқушыларының мектептен тыс жұмыстарының аясы тарылды. Ауыл оқушыларын сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбиелеудің материалдық-техникалық базасы моральды ескірді.



Сонымен, жоғарыда айтылғандардың барлығын зерделей келе біз мынадай шешімге келдік: қазіргі жағдайда ауыл мектебінің педагогикалық үрдісінде демократиялық және гуманды принципті нарықтық жағдайдағы жаңа әлеуметтік ортада оқушыларды өмір сүруге дайындауға маңызды көңіл бөлінуі тиіс.

#### Әдебиеттер:

1. Мудрик А.В. О некоторых аспектах формирования личности школьника. – М.: Знание, 1988. – 96 с.
2. Колесов Д.В., Понамаренко В.А. Общество и школа // Советская педагогика. – 1994. - №4. – С. 23-28.
3. Толстых В.И. Сократ и мы. – М.: Политиздат, 1981. – 383 с.
4. Мойсеюк Н.Е. Воспитание школьников на социалистических традициях сельских тружеников. – М.: Просвещение, 1982. - 127 с.
5. Филиповский В.Я. Критика современных буржуазных теорий формирования личности. – М.: Педагогика, 1985. – 160 с.
6. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: Изд-во Московского университета, 1990, - 367 с.
7. Харламов И.Ф. Саморазвитие личности и воспитание // Советская педагогика. – 1990. - №2. – С. 28-36.
8. Иванников В.Н. Психология сегодня. – М.: Знание, 1981. – 93 с.